



**БҮЙРЫҚ**

29.04.2022 м.

Атырау қаласы

**ПРИКАЗ**

№ 43

город Атырау

**«Атырау облысы Білім беру басқармасының  
Атырау қаласы білім бөлімінің «№17 бөбекжай-бақшасы»  
КМҚК өзін-өзі бағалауды өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 59-бабының 4-1) тармағына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығына, ҚР Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі №700 «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» бұйрығына, «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Атырау облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің ММ 2022 жылғы 02 ақпанындағы №17-13-03-06/127 шығыс хатына және 2022 жылғы 29 сәуірдегі кезектен тыс педагогикалық кеңестің шешімі негізінде **БҮЙЫРАМЫН:**

1. 2022 жылғы 03 мамыр-23 мамыр аралығында мектепке дейінгі ұйымның білім беру қызметінің өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілсін.

2. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі комиссия құрамы бекітілсін:

- Кунасова М.А.- комиссия төрайымы, бөбекжай-бақша меңгерушісі;
- Өзбергенова А.Н.- комиссия мүшесі, бөбекжай-бақша әдіскері;
- Нигиметова М.Е.- комиссия мүшесі, бөбекжай-бақша психологі;
- Жумаханова Ф.К.-комиссия мүшесі, бөбекжай-бақша медбикесі;
- Табылдиева Ш.- комиссия мүшесі, бөбекжай-бақша тәрбиешісі;
- Шайхиева Г.А.- комиссия хатшысы, қазақ тілі пән мұғалімі.

3. Комиссия білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша комиссия мүшелерімен есептер дайындалсын:

4. Комиссия білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы 2022 жылдың 23 мамырға дейін қорытындылансын.

5. 2022 жылғы 23 мамырда білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау қорытындылары бойынша педагогикалық кеңес өткізілсін.

